


Ұлттық мәселелер мінберіне айналып келеді

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени түрғыдан берері зор Ұлттық құрылтай биыл төртінші рет өтіп отыр. Ұлттық құрылтайлардың кезекпен еліміздің әр қаласында өтуінде де үлкен мән бар. Аталған орындардың қай-қайсысы да қазақ руханияты түрғысынан алғанда өте маңызды қалалар.

Бурабай баурайында өткен басқосуда сөз болған мәселелердің біреуіне ғана тоқталар болсам, бізде көтерілген бастамалардың байыбына бармай жатып, науқаншылдыққа айналдырып жіберетін жаман әдет бар. Мемлекет басшысы бұл келенсіздікті өте орынды сынады. Мысалы, елдін бола-



шағы үшін, талабы бар жастардың жағдайын ынғайластыру мақсатында «Болашақ» бағдарламасы қолға алынған болатын. Бүгінде сол бағдарламамен ата сақалы аузына түскен қариялар да шетелде

білім іздел жүрген көрінеді. Дәлірек айтсақ, Президент Ұлттық құрылтайда 78 жастағы қазақстандықтың «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелге оқуға кеткенін сынға алды. «78 жасында «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға кетті. 78 жасында қандай «Болашақ» болуы мүмкін? Бұл бағдарлама түсініксіз бағытқа бұрылып барады. Бастапқыда бұл жақсы бастама еді – ғалымдарды оқыту, шетелде тәғлымдамалар үйимдастыру. Ал, қазір не болып кетті?» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Иә, біз неге барлық нәрсени езіміздің ынғайымызға қарай бұрып алуға құмармыз? Осылайша тәп-тәуір дүниенің

ту-талақайын шығарып жатамыз. Бөлкім алқалы жиындарда осындаі олқылықтар ашық сыналаса, алдағы уақытта басқаларға сабак болатын шығар. Қалай айтқанда да Ұлттық құрылтай ұлттық мәселелерді көтеретін мінберге айналып келе жатқаны анық.

**Кеңес СЕРІКБАЙ,
М.Әузов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
зерттеу университетінің
доценті, ауыл
шаруашылығы
ғылымдарының
кандидаты,
Жетісай ауданының
құрметті азаматы.**